

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Карл Маркс (1818–1883)
Фридрих Энгельс (1820–1895)

4-тарау. Қазіргі философия



Неміс идеологиясы 1846

«Неміс идеологиясы» – Маркс пен Энгельстің басты философиялық шығармасы. Екі автордың Моисей Гесспен бірлесіп жүргізген бұл зерттеулері сол дәуір философиясының ілімдеріне негізделген. Алғашында кейбір «гегельшіл» философтардың тезистерін сын елегінен өткізген және авторлардың басты деген жаңа ойларын ұсынған ұжымдық еңбек жариялау жоспарланады. Әйтсе де бұған дейін Маркстің осы тақырыпқа қатысты «Гегельдің құқық философиясына сын жөнінде», «Еврей мәселесіне орай», «Әулиелер әулеті немесе Сыни сынды сынау. Бруно Бауэр мен басқаларға қарсы» секілді бірнеше еңбегі жарияланып үлгерген болатын. Теориясының негізгі қағидаларын дәлелдей отырып, Маркс философияны жайына қалдырып, қалған өмірін экономика саласын зерттеуге арнауды қалайды.

Әйтсе де авторлардың көзі тірісінде «Неміс идеологиясы» жарық көрген жоқ. Неліктен олай болғанын осы еңбек жазылғаннан арада он үш жыл уақыт өткен соң, Маркс «Саяси экономия сынында» былайша түсіндіреді:

«Қолжазбаларымызды тышқандардың кеміргіш сынына ықылыстана ұсынғанымыз сондай, басты мақсатымызға – мән-жайды өзіміз де ұғынып алуға ақыры қол жеткіздік».

Тышқандар да жаман тойламаған секілді. Кітаптың көптеген беттері жетіспейді; сондай-ақ Моисей Гесс кітапта жазылған тарауларды меншіктеп алып, кейін 1852 жылы жеке мақалалар ретінде жариялайды. Кітаптың өзі 1932 жылы ғана жарық көрді. Бұл еңбектің бізге қызықты болуының бірінші себебі – онда Маркстің «Капиталда» дамытқан «дүние туралы материалистік және сыни түсініктері» толығымен баяндалған. «Неміс идеологиясы» – жол нұсқаушы жұлдыз, марксистік дүниетанымды «түсінудің кілті». Шынында, бұл – Маркс пен Энгельс мұрасындағы басты шығарма. Кітап философтың дүние туралы дәстүрлі түсініктеріне төңкеріс жасайды. Авторлар «басымен тұрған философияны аяғына нық қоюға» талпынады.

МАРКС

Маркс Трир қаласында протестанттықты қабылдаған еврей отбасында дүниеге келген. Ол Бонн және Берлин университеттерінде құқық пен философияны оқиды.

1841 жылы Маркс «Демокриттің натурфилософиясы мен Эпикурдың натурфилософиясы арасындағы айырмашылық» тақырыбындағы диссертациясын қорғап, философия докторы дәрежесін алады. «Солшыл» жасгегельшілдермен тығыз байланысының кесірінен университеттік мансаптан бас тартып, либералды баспасөзбен серіктес бола бастайды.

Қаһарлы пруссиялық цензура Марксті жары Женнимен қоса Отанын тастап, шетелге көшуге мәжбүр етеді. Парижге келгеннен кейін Маркстің көзқарасы барынша радикалды бола түседі: ізашарлары жасаған «практика» философиясын меңгере отырып, Маркс революциялық «практиканы» философияның «шешуі» ретінде түсінеді, коммунизмді философияның нақты жүзеге асуы ретінде қарастырады. Философты Франциядан да жер аударды, ол Брюссельге кетеді, оған Фридрих Энгельс келіп қосылады. Олар бірге «Неміс идеологиясын» жазып шығады. Осы сәттен бастап екі алыптың тұтас ғұмырға созылған достығы, шығармашылық пен күрестегі бірлігі басталады. Бұрқ еткен революциялық қозғалыс екі досты Брюссельден де кетуге мәжбүр етеді. Олар Еуропаны біршама шарлайды: Германия, қайтадан Париж, соңында Лондонға табан тірейді. Маркс «Капиталды» жазуға кіріседі, алайда өзі негізін қалаған Жұмысшылардың халықаралық серіктестігінде бүкіл уақытын саяси қызметке арнағандықтан, бұл еңбекті аяқтай алмайды.

Энгельс

Ауқатты фабриканттың отбасында дүниеге келген Энгельске 1842 жылы Маркспен кездесердің сәл-ақ алдында оқуын тастап, Манчестердегі Эрмен мен Энгельстің мақта, жіп иіру өндірісі фабрикасының кеңсесінде жұмысын бастауға тура келеді. Кәсіпорын көл-көсір



болмаса да, біршама кіріс әкеледі. Энгельс өмір бойы Маркске ақшалай көмек беріп отырады. Керемет публицист, ол алғашында жасгегельшілдер көзқарасын қолдайды, алайда М. Гесстің ықпалымен коммунизм идеяларына ықыласы ауады. Ол Маркспен бірінші рет 1844 жылы кездесті. Осы уақыттан түрлі формада жүзеге асқан екі достық ынтымақтастығы басталады: олар бірлесе отырып мақалалар жазады, еңбек бөлінісінің өзіндік үлгілерін орнатады – Маркс өзін тұтасымен экономикасаласына арнаса, Энгельс өзге ғылыми пәндерге ден қояды.

Маркс өлімінен кейін ол жұмысшылар қозғалысының жетекшілерін оқыта отырып, Маркспен бірге жазған шығармаларын қайта өңдеуді жалғастырады, олардың мағыналарын түсіндіріп, бұлыңғыр тұстарын түзетумен шұғылданады. Жұмыстың құрылымы мен сұлбасы туралы қысқаша айта отырып, біз оның негізгі қағидалары түпнұсқада шашыраңқы болса да, тақырыптарға топтастырып баяндауға тырыстық. Авторлар пайымдауларының бірізділігін қисынды түрде реттеуімізге тура келді, себебі кітаптың құрылымы кемелдіктен едәуір алшақ. Шын мәнінде, еңбек түрлі мәтіндердің жиынтығынан тұрады және оның құрылымы бастапқы ойына сәйкес келмейді, өйткені кітап аяқталмаған, онда біршама фрагменттер жетіспейді. Бұл мәтіндердің кейбірі – өзге авторлардың шығармаларын талдаған түсіндірмелерден тұрады, мысалы, Штирнердің «Жалғыз жан және оның меншігі» кітабы. Авторлардың Штирнермен айтысына назар аударған себебіміз, ол Маркс пен Энгельсті өз көзқарастарын баяндауға жетеледі. Штирнер туралы тарау өте ұзақ, кекесін сарында жазылған және көптеген қайталаулар бар. Біз мұнда «Неміс идеологиясын» барынша бірізді және зерделеуге ыңғайлы түрде ұсынуға тырыстық.

Кітаптың құрылымы

Кітап бізге толық нұсқада жетпеген. Қазіргі біздің танысып жүрген нұсқамыз – алты жүз беттік ауқымды еңбек. Басына Маркстің «Фейербах туралы тезистері» берілген, кейін «Неміс идеологиясының» өкілдері Фейербах, Бауэр және Штирнер саналатын жаңа неміс философиясын және өкілдері түрлі әулиелер саналатын неміс социализмін сынау» сынды тақырыптарға бөлінген екі томы ұсынылған. Бірінші том Фейербах, Бауэр және Штирнер жұмыстарына сыни ескертпелерден тұрады. Екінші том «Рейн анналдарына» немесе шынайы социализм философиясына арналған. Онда Карл Грюннің Сен-Симон, Фурье, Кабе мен Прудонды сынаған «Франция мен Бельгиядағы қоғамдық қозғалыстар» кітабы жайлы мазмұндалған. Маркс пен Энгельс белгілі бір деңгейде аталған философтарды қорғайды.

Мазмұнын талдау

«Фейербах туралы тезистер». Тезистердің саны он бір және олар төрт-ақ бетті алады. Әйтсе де біз олардың маңыздылығын ескере отырып, егжей-тегжейлі талдаймыз. Тезистер Маркстің қойын дәптеріне жазған қысқаша ескертпелері болатын. Энгельс 1888 жылы оны сәл толықтырып, өзінің «Людвиг Фейербах және классикалық неміс философиясының ақыры» атты жұмысына қосымша ретінде жариялайды.

I. Маркс Фейербахтың материалистік философиясында осы күнге дейін, адамның нақты әрекеті практикалық емес, тек интуициялық сипатта қарастырылып отырғанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, идеалистерді әрекет абстрактілі жағынан ғана қызықтырады. Алайда революциялық, «практикалық-сыни» әрекетті қарастыру маңызды.

II. Ойдың ақиқаттығы іс жүзінде танылады.

III. Адамды оның өмір сүру салты мен тәрбиесін ауыстыру арқылы өзгерту – тек революциялық практика барысында ғана мүмкін іс.

IV. Қазіргі шындықты теорияда сынап, практикада түбегейлі өзгертіп, оған көбірек назар аудару қажет.

V. Фейербах абстрактілі ойға қанағаттанбастан, сезімдік интуицияға жүгінеді, алайда сезімдік дүниені адамның нақты іс-әрекеті тұрғысынан қарастырмайды.



VI. Адамның мәні индивидуалды деп пайымдаған Фейербахқа қарама-қарсы, оны шын мәнінде, оның барлық қоғамдық қатынастарында қарастыру қажет.

VII. «Діни рух» – қоғамның өнімі.

VIII. Мистикалық теориялардың тұжырымдарына кереғар, кез келген қоғамдық өмір мәні жағынан практикалық саналады.

IX. Интуициялық материализм дүниені шектелген тұлғалар немесе буржуазиялық қоғам тұрғысынан елестетеді.

X. Жаңа материализм дүниені адамзат қоғамы немесе «қоғамдық адамзат» тұрғысынан көреді.

XI. «Философтар дүниені тек түрлі кейіпте түсіндірді, алайда істің мәні оны өзгертуде жатыр еді».

Бұл 11 ереже, өз кезегінде, «Неміс идеологиясы» авторларының Фейербах пен неміс жасгегельшілдерінің шығармаларын зерделеу барысында қолданған ескертпелері еді. Алайда неміс философиясын сынаудан басқа, Фейербах туралы тезистерде авторлардың төлтума философиялық көзқарастарының синтезі де қамтылған.

Энгельс 1888 жылы Маркстің 11 тезисін «жаңа дүниетанымның кемеңгер туындысы» деп атады. «Неміс идеологиясының» барлық теориялық мазмұны осы тезистерді дамытуға негізделген. Біздің сөзбе-сөз сілтеме ретінде келтірген тезистердің соңғысында, Маркс ілімінің мәні жинақы берілген. «Философтар дүниені тек түрлі кейіпте түсіндірді, алайда істің мәні оны өзгертуде жатыр еді» – осылай пайымдай отырып, Маркс теорияны тастап, өзінің философиясын белсенді түрде жүзеге асыруға кіріскісі келген ойын ашық аңғартты. «Неміс идеологиясы» болсын, кейінгі шығармаларында болсын Маркс «тарихи немесе диалектикалық материализм туралы» айтпайды. Энгельс ойлап тапқан «Марксизм» Фейербах пен жасгегельшілдердің интуициялық материализміне, буржуазиялық қоғам теориясына адамзат қоғамы немесе «қоғамдық адамзат» теорияларындағы «жаңа материализмді» қарсы қоюмен шектеледі. Дәл осы байлам Гегельдің философиялық жүйесімен салыстырғанда Маркстің бір қадам ілгері кеткенін көрсетеді. Алайда арада 100 жылдан аса уақыт өткеннен кейін Сартр 1960 жылы жарық көрген «Диалектикалық ақылға сын» еңбегінде, бұл іргелі философиялық жүйенің игерілмегенін мәлімдеді. Дүние үдеріс және революциялық тәжірибе арқылы қайта қалыптасады. Бұл қозғалыста, революциялық тәжірибеде адам өзін-өзі қайта қалыптастырады және қайта тәрбиелейді. Кез келген философиялық теорияда бар іс жүзіндегі қолданыс туралы ұмыта отырып, неміс ойшылдары, тіпті мүмкін немесе ойдағы әлемнің объективтілігі мен нақтылығы мәселесі туралы айта отырып, схоластиканың қалыбынан шықпайды. Ақиқат материалистік дүниетаным материалды өндіріс пен айырбастың қоғамдық үдерістерін сынау ғана болуы мүмкін. Бақылау мен эмпирикалық сараптама адамдардың күнкөріс көзін өндіру үдерісінде өзін-өзі қалай елестететінін түсінуге көмектесу тиіс. Еңбек бөлінісі таптық қайшылыққа алып келеді.

«Неміс идеологиясы» «шындық көлеңкесіне қарсы философиялық күресті, арманшыл да ұйқышыл неміс халқының жанына жақын күресті» сенімнен айырумен әшкерелеуді өзіне мақсат етіп алады (Алғы сөз).

«Фейербахты сынау»: өзінің идеализмге қарсы тұрып, материалист болуға ұмтылысына қарамастан, Фейербах тек теория жүзінде ғана солай болды. Ол діни жатсыну туралы пайымдайды. Бірақ ол идеализм өзін және нақты дүниені жасайтын жағдайларды ойдың жатсынуы екенін көрмейді. Діни жатсынуды әшкерелеу – осы құбылыстың өзі секілді, қоғамдық өмірдің материалды базисінің өнімі: «Практикалық материалист, яғни коммунист үшін барлық істің мәні – қалыптасқан жағдайға қарсы шығып, оны өзгерту, тіршілікті түбегейлі жаңарту». Фейербах адамнан пассивті сезінуші тіршілік иесін ғана көреді, ал адам болса, өз өмірін өзі өркендете алатын белсенді тіршілік иесі. Философ адамды оқшауланған индивид немесе әмбебап тұқым ретінде қарастырады. Дегенмен адам – алдымен қоғамда өмір сүретін тарихи тіршілік иесі.

Оның шындығын қоғамдық қатынастардың тұтас кешенінен бөлуге болмайды. «Бірінші тарихи акт – қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін керек құралдарды өндіру, материалды өмірдің өзін өндіру». Фейербах нағыз сыни әрекеттің не екенін түсінбейді. Ол сыни тәжірибе,



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 15. Карл Маркс 1818–1883. Фридрих Энгельс 1820–1895

басқаша айтқанда, революциялық килігу ғана болуы мүмкін. Ескі интуициялық материализм бір таптың – буржуазияның ғана көзқарасын білдіреді.

Коммунистік формадағы жұмысшылар қозғалысының тәжірибесі ғана Фейербах аясынан асып түскісі келген жатсынудың абстрактілі талдауын қолданыстан шығаруға мәжбүрлей алады. Фейербахтың гуманистік материализмін сын елегінен өткізгеннен кейін, Маркс пен Энгельс, Бруно Бауэрдың сыни көзқарасы мен Макс Штирнердің индивидуализмін сынауға көшеді. Маркс пен Энгельс сүйсіне айқындаған әлгі екі теорияның ішкі қайшылықтарынан бөлек, оларды абстрактілі тұстары біріктіреді. Теория авторлары дүние туралы көзқарастар негіздерін қайта қарауға шынымен-ақ талпынған кейіп танытады. Шын мәнінде, олар бұл негіздерді тек талқылайды. Алдарына дүниені өзгерту мақсатын қоюдың орнына, олар оны тек ақтап алып, қолдай кетеді. Бауэр мен Штирнер тек идеялар жүйесін ұсынды. Олар жариялаған ой дербестігі мен мәлімдеген сыни бағыты – иллюзия ғана. Бұл философтар өздерінің барлық еңбектері осы қоғамдық қатынастар жүйесіне сайма-сай екенін көруден немесе мойындаудан бас тартады. Олар революционер де, сыншы да емес. Олар буржуазияны практикалық сынға талпынушы пролетариаттан қорғауды місе тұтады:

Б. Бауэр мен М. Штирнердің ойлау тәсілдері мен бағыттарының сипаттамасы тек «өздері» тарапынан айтылған сынды ғана көтере алатын үстем таптың идеологиясына сәйкес келеді. Өндіруші күштер дамуының белгілі бір сатысында буржуазия интеллектуалдарға сырттай дербес және тәуелсіз болуға мүрсат береді. Дегенмен оның тәуелсіздігі – тек капиталистік қоғамда бар еңбек пен капитал текетіресінен туындайтын нақты және ой әрекеті арасындағы бөлініс өнімі ғана. Б. Бауэр табан тіреген сана болмысты анықтайды деген идея сананы – өмірден, тұлғаны – қоғамнан, ал идеяны – өндіру шарттарынан бөлетін қазіргі қоғамдық қатынастардың негізінде туындады. Алайда сананы өмір ғана анықтайды, керісінше болуы мүмкін емес.

Жатсыну – идеяларды өзгерту арқылы дүниені де өзгертуге болады дегенге саятын иллюзияны туындатушы үдеріс. Тіршіліктің санасын емес, тіршіліктің өзін өзгерту қажет. Маркс пен Энгельс өз идеяларының әмбебаптығына мәжбүрлі түрде сендіруге кез келген таптың мүдделі екенін дәлелдейді. Бірақ олар үшін идеялардың әмбебап болмайтыны айдан анық. Олар мүдделері қорғалатын адамдар тобына жатады. Гуманистік универсализм – буржуазиялық идеологияның бір бөлігі. Тек пролетариаттың айрықша мүдделері ғана жалпыға ортақ мүддеге сай келеді. «Пролетарлар өздерін тұлға ретінде сақтап қалу осыған дейінгі қоғамның да өмір сүру шарты саналатын, бүгінге дейін жалғасып жатқан өз тіршілік тәсілін жоюы қажет және: «коммунистік революция таптардың үстемдігін сол таптардың өзімен бірге жояды». Маркс пен Энгельс экономикалық базисті материалистік тұрғыдан талдау, ең алдымен, өндіріс тәсілдерін талдаудан тұратынын көрсетті. Оның құрылымын ғана емес, шығу тарихын зерттеу де маңызды. Қоғамдық қатынастар белгілі бір дәуірде және белгілі бір мекенде, сол дәуір мен мекен адамдарының арасында қалыптасқан өндіріс тәсілдеріне негізделген.

Адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру өндірістің қызметі саналады. Дәл солардың дамуы қоғамды өзгерістерге алып келеді: «Кез келген революция мен оның қол жеткізген нәтижелері индивидтердің тіршілік ету шарттарымен, олардың қажеттіліктерімен анықталады». Еңбек пен капитал арасындағы бөлініс жалданбалы еңбекті туындатады. Өндіріс тәсілінің сипаттамасы тарихтың сол сәтінде қол жеткізген өндіріс күштері дамуының күйімен анықталады. Өндіріс күштері өзіне өндірістің барлық материалды дүниесін ғана емес, жұмыс күшін, оның даму деңгейі мен пайдалану тәсілдерін де қамтиды. Жұмыс күші, өз кезегінде, белгілі бір деңгейде өндіріс күшінің дамуына ықпал етеді. Осыдан екі жақты қайшылық туады. Бір жағынан, өндірістің жаңа тәсілі ескі тәсілді жояды. Мүдделер қақтығысы туындайды.

Машиналық еңбек физикалық еңбекке қайшы келуі мүмкін. Сондай-ақ өндірістің түрлі тәсілдері арасында да жанжалдар болады, оның мысалын мануфактурадан фабрикаға көшуден аңғара аламыз.

«Неміс идеологиясында» кейінірек Маркс өзінің «Капиталында» дамытып, анықтаған қоғам дамуының тарихи кезеңдерінің жіктемесі алғаш рет көрініс тапты. Бұл кезеңдер – алғашқы қауымдық қоғам, антикалық құлдық, феодализм және капиталдың алғашқы жинақталуы, оны бір орталыққа шоғырландыру мен бүкіл дүниеге тарату сатыларынан өткен буржуазиялық капитализм. «Қоғам әрқашан қайшылықтар нәтижесінде дамыған: антикадағы еркін адамдар



мен құлдар, орта ғасырлардағы феодалдар мен басыбайлылар, жаңа дәуірдегі буржуазия мен пролетариат арасындағы қайшылықтар». К. Маркс.

Сонымен қатар капитализмнің тарихи дамуы капиталды шоғырландырудың кейбір заңды және қоғамдық формаларын маңызынан айыратынын көрсетіп отыр. Жеке меншік барынша қоғамдық сипат алып барады. Осы сәтте, капиталдың шоғырлануы сорақы әділетсіздікпен өндіріс құралдары жеке меншікке өткенде, жұмысшы тап көтеріліске шығып, бұл қайшылықты революциялық әрекет жолымен жоюы мүмкін.

Түсіндірме

Идеология ұғымы

Жоғарыда аталып өткендей, «Неміс идеологиясында» адамдардың өз өмірлерін жүзеге асыру тәсілдерін есепке алмаған неміс философиясы абстрактілі материализмінің құпиясын ашуға талпыныс жасалған. Алайда кітаптың белгілі бір деңгейде шектелгенін және ондағы жиі кезігетін дәлсіздіктерді атап өткен жөн. Авторлар кейбір мәселелерге ат үсті қараған, себебі, алдымен, өздерінің басты ойларын дамытқысы келген, сонымен қатар кітапты жариялау мақсатында емес, жеке қажеттіліктері үшін жазған болуы да мүмкін. Алдымен, идеология ұғымын қолданудағы дәлсіздік туралы айтпасқа болмайды. Бұл жұмыста Маркс пен Энгельс идеологияны барлық адамдардың еркін шығармашылығының емес, оларға күштеп таңудың нәтижесінде туындаған әлдебір дәйекті жүйе ретінде ұсынады: «Оның жауаптарында ғана емес, сұрауларының өзінде де мистификация жатқан-ды».

Идеология адамдардың дүниедегі өз орнын табуға мүмкіндік беретін идеялар мен пікірлердің жиынтығын құрайды. Идеология түрлі қоғамдық құрылыстарға жататын адамдардың қатынастарын ұйымдастырады. Демек, оның мазмұны жетекші таптың мүддесімен анықталады. Қоғамдағы үстем идеология – ондағы үстем таптың идеологиясы. Ол қалай жалпыға ортақ елестетіледі, сол деңгейде одан жаттанады, яғни өз мүдделеріне қызмет ете отырып, жалпыға ортақ құндылықтарға ие әлденені баяндап отырады. Демек, бір мезетте білім мен білместік «сананың өнімі» болып шығады. Патрик Тор көрсеткендей, «Неміс идеологиясында» идеологияның бір-біріне қарама-қайшы екі анықтамасы немесе теориясы мазмұндалған. Бір жағынан, идеология таптық позицияның қарапайым айнасы ретінде, пассивті әлдене сипатында ұсынылса, екінші жағынан, жетекші таптың билігін дәйектеу мақсатындағы келісілген, саналы түрде жасалып, қатталған идеялар мен көзқарастар жүйесі, басқаша айтқанда, сол таптың манипуляция құралы болып көрінеді.

Идеология анықтамасының қиындығы оның таным мен объективтілігі проблемасын өндіріс тәсілдерінің даму тарихы ретінде қабылданатын қоғамның тарихымен байланыстыруы. Ойлар мен идеялар өндіріс үдерісінде туындайды және оған тән барлық қайшылықтармен дәйектеледі. Маркс пен Энгельс өздерінің талдауын одан әрі тереңдетпейді. Идеология, білім және идеяның қалыптасу мәселелері – қарапайым дүниелер емес. Әлбетте ойлаудың өндіріс күштері дамуымен анықталатыны тарихи түрде бекітілген, алайда, ол үдеріс күрделі: себебі авторлардың өздері кітаптың басқа бір жерінде мұндағы тәуелділіктің біржақты еместігі, белгілі бір өндіріс тәсілінің ішінде қайшылықтың бар екені туралы айтады. Алайда кейде Маркс пен Энгельс идеология мен өндіріс тәсілі арасындағы қатынасқа тым атүсті қарайды деген пікір туады. Идеология – жетекші таптың жетекшілігін күштеп таңу үшін қажетті және пайдалы әлеуметтік иллюзия. Дегенмен авторлар бұдан идеология бір мезетте әлдебір «тұтас», «иллюзиялық» дүние және таптық позициядан шыға салады деген түйін жасайтын тәрізді.

«Тұтас» болуының себебі – Маркс пен Энгельс жетекші идеологиядағы қарама-қайшылықтар туралы еш нәрсе айтпайды; «иллюзиялық» дейтін себебі, олар идеологияда заттықтың тарихтың жоқтығын жазады: «Христиандықтың өзінде» ешбір тарих жоқ және түрлі дәуірлерде қабылданған [...] түрлі формалардың бәрі діни рухтың ықпалынан тәуелсіз эмпирикалық себептерге байланысты».



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 15. Карл Маркс 1818–1883. Фридрих Энгельс 1820–1895

Олардың пікірінше, идеология оп-оңай таптық позициядан шығарылады: «Неміс философиясы» – неміс қоғамының ұсақ буржуазиялық құрылысының өнімі». Немесе: «Өткен ғасыр соңындағы Германияның күйі толығымен Канттың «Тәжірибелік ақылға сынымен» айқындалады». Немесе Штирнер туралы айта отырып; «Берлиннен ұзап шықпаған, бүкіл дүниесі Моабит және Копешкпен шектелген жазушыда ойлануға қажеттілік туындаған кезде бұл ой оның өзі мен өмірі қандай болса, дәл сондай абстрактілі болуы тиіс». Әлбетте бұған қарсылық білдіруге болады:

Штирнер өмір сүрген ауданның барлық тұрғындары дәл сондай сыртқы ықпалға душар болды, дегенмен Штирнер – олардың арасындағы жалғыз философ.

«Оның тек бір ғана жақсы жағы бар – қазіргі ұсақ буржуа идеяларын шырқаушы бұлбұл болу» секілді байлам, бізге аталған ұсақ буржуа өмірі нақты неден тұрғаны туралы ешнәрсе айт- пайды. Сонда Маркс пен Энгельс дүниені қарапайым түрде түсіндірумен шектелгені ме? Олардың теориялары нені болсын өзгертуге жарамды ма? Сартр өзінің «Отбасындағы нақұрыс» кітабында олардың гипотезаларынан алшақтай отырып, айтарлықтай ілгері кетті. Көптеген марксистер өз идеологтарының аталған өткір кітабын мүжіліп тозған штамптар жиынтығына айналдырды. Мұның соңы неге алып келгені белгілі. «Неміс идеологиясы» мен «Капиталдың» әлсіз тұсы экономикалық базис пен қондырма құрылымдары арасындағы өзара қатынастың күрделі диалектикасын бағаламауда жатыр. Маркс бұл проблеманы «Капиталдың» бір кітабында тереңірек зерттегісі келді, бірақ үлгермеді.

Марксизмге теория ретінде қоғамдық институттарды талдау жетіспейтінін айтуға болады. Идеология мен институциялар өндіріс тәсілінен белгілі бір тәуелсіздікке ие. Тіпті кейбір жағдайларда идеология өндіргіш күштердің тарихи дамуының тежегіші қызметін атқара алады. XX ғасырда Еуропа мен өзге құрлықтарда ұлтшылдықтың қасіретті апаттарға ұшыратқанын еске алудың өзі жеткілікті. Тек аз ғана тапсызданған интеллектуалдарды қызықтырған бұл идеологияны Маркс пен Энгельс өздерінің «Неміс идеологиясында» «тарихтың қоқыс үйіндісіне» тастады. Дегенмен Маркс пен Энгельс аталған мәселе бойынша ізашарлар болды. Бұл философтардың кейбір тұжырымдарының шикілігі олардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жүзеге асыруға асыққанымен түсіндіріледі.